



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
Филология факультеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы



Қазақ тіл білімі мен әдебиетінің теориялық негізін қалаған ғалым, қазақ жазуының реформаторы, ақын, аудармашы, педагог, мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған  
**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ»** атты  
халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

*Алматы, 2022 жылдың 14 сәуірі*

### **МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-теоретической конференции  
«Ахмет Байтұрсынұлы – духовный лидер нации»  
посвященной 150-летию выдающегося ученого, основателя казахского  
языкознания, переводчика, педагога, государственного и общественного  
деятели Ахмета Байтұрсынұлы

Алматы, 14 апреля 2022 года

### **MATERIALS**

International scientific and theoretical conference «Akhmet Baitursynuly – the spiritual leader of the people» dedicated to the 150th anniversary of the outstanding scientist, one of the founders of Kazakh linguistics, translator, teacher, journalist, public figure Akhmet Baitursynuly

Almaty, 14 april, 2022

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2022

мағына ерекшелігі бар. Мысалы: *Абай өз міндетіне алған жоқтау жырын жылдам жазып шықты* (М.Әуезов). *Ол жұмысты да жақсы меңгеріп кеттім* (С.Мұқанов). *Балықшылар аулына келін боп түскелі құсаланып бітті* (Ә.Нұрпейісов). *Таң бозарып қалды* (С. Мұқанов). Осы сөйлемдердегі *-ып шық*, *-іп кет*, *-ып қал* форманттары - қимылдың 3-фазасының көрсеткіштері. Олардың жалпы мағынасы – қимылдың жасалуының соңғы кезеңі. Сөйлемде бұлардың бәрі де осы мағынаны білдіріп тұр.

Етістіктің аналитикалық форманттарында мағына ұқсастығы түрлі жолмен қалыптасқан.

1. Бірсыпыра аналитикалық форманттардың синонимдігі оның құрамындағы морфемалардың мағына жақындығына негізделген. *Біт*, *бол* етістіктерінің лексикалық мағынасындағы жақындық, олардан қалыптасқан форманттардың синоним болуына негіз болған, сондықтан *-п бол*, *-п біт* форманттары қазір синоним болып табылады. Мысалы: *Жаңағы көркем бір сәтке сүйсініп, езу тартқан Абайдың сол көңілді шағы айығып болғанша, қатты келе жатқан ат дүбірі естілді* (М.Әуезов). *Ол жүдеп бітті* (С.Мұқанов).

2. Аналитикалық форманттардың синонимдігі құрамындағы ортақ морфемаларға байланысты. Мысалы: *Бірақ онан арғы дүние бар түгін бетіңе шашып түтіп келе жатқанын байқамапты* (Ә.Нұрпейісов). *Солардың аржағындағы қыр басына көкпенбек болып, жаңа ғана шоп қаулап өсіп келеді* (А.Қадири). *Ушаковтың ойында Рязановқа берген уәдесін орындаудың үлкен жанжалға айналып бара жатқаны ғана бар еді* (Ғ.Мүсірепов).

3. Грамматикалық даму, контекст, сөздің түрлі грамматикалық ситуацияда қолданылуы, тіркескен сөздері аналитикалық форманттардың мағына жақындығына әкелген. Тілде *-п қой* форманты қимылдың соңғы фазасын білдіреді, *-е бер* форманты қимылдың әрі жалғасуын, созылуын білдіреді. Осы екі форманттың үнемі қатар қолданылуына олардың мағыналары жымдасып, идиомаланған.

Қазір олар қимылдың жедел басталып кетуін білдіреді. Мұндағы жеделдік, тездік сияқты реңк - *п қой* форматының ықпалына, ал *-е бер* форматының білдіретін қимылдың әрі қарай жалғасуы - *п қой* форматында қимылдың басталуы мағынасының қалыптасуына негіз болған. Екі форманттың біріне-бірінің әсерінен екеуінің де мағынасы түрленіп, үшінші мағына қалыптасқан. Мысалы: *Бір бозторғай жерден арқан бойы көтерілісімен, құйқылжыпта сайрап қоя береді* (Ө.Қанахин).

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992, - 193 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999, - 382 б.
3. Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері. – Алматы, 1980.
4. Н.Оралбаева Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы, 1975.
5. Н.Оралбаева Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. – Алматы, 1979.
6. Салқынбай А.Б. Функциональды грамматика очерктері. – Алматы, 2003, - 25 б.
7. Бибекөв Қ.Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың аяқталу кезеңі мен оның берілу жолдары. Ф.ғ.к. авторефераты. – Алматы, 2000.

**Абдрахманова Ж.Ә.**

филология ғылымдарының кандидаты,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

**Бекбол Ж.Б.**

Қазақ тіл білімі кафедрасының 2-курс магистранты  
Алматы, Қазақстан

## ЭНАНТИОСЕМИЯНЫҢ ТАБИҒАТЫ МЕН МӘНІ

**Аңдатпа.** Мақалада энантиосемияның және онымен байланысты құбылыстардың жалпы және айрықша қасиеттерін анықтау оның лингвистикалық мәртебесін анықтауда

маңызды міндет болып саналады. Көп мағыналы сөздердің, омонимдердің және антонимдердің құрылымы мен қызметін зерттеу барысында олардың лингвистикалық табиғаты формалды, семантикалық және функционалды тұрғыдан бағаланады, бұл осы құбылыстарды бөліп көрсетуге және ажыратуға ықпал етеді.

Осылайша, энантиосемия құбылысы күрделі және жан-жақты құбылыс болып табылады, онда әртүрлі теориялық мәселелер өзара байланысты: таңбалаушы мен таңбаланған тілдік белгінің арақатынасы (дәлірек айтқанда, олардың асимметриясы), зерттеу объектісінің табиғаты мен мәнінің синкретизмі (дәлірек айтқанда, оның сәйкессіздігі) және басқалары.

**Түйін сөздер:** энантиосемия, лексика, антонимия, омонимия, полисемия.

**Аннотация.** В статье определяются общие и специфические свойства энантиосемии и связанных с ней явлений, что является важной задачей при определении ее языкового статуса. При изучении структуры и функции многозначных слов, омонимов и антонимов их языковая природа оценивается в формальном, семантическом и функциональном плане, что способствует выявлению и дифференциации этих явлений.

Таким образом, явление энантиосемии представляет собой сложное и многогранное явление, в котором переплетаются различные теоретические проблемы: соотношение означающего и означаемого языкового знака (точнее - их асимметрия), синкретизм природы и сущности объекта исследования (точнее - его противоречивость) и некоторые другие.

**Ключевые слова:** энантиосемия, лексика, антонимия, омонимия, полисемия.

**Annotation.** The article defines the general and specific properties of enantiosemy and related phenomena, which is an important task in determining its linguistic status. When studying the structure and function of polysemantic words, homonyms and antonyms, their linguistic nature is assessed in the formal, semantic and functional terms, which contributes to the identification and differentiation of these phenomena.

Thus, the phenomenon of enantiosemy is a complex and multifaceted phenomenon in which various theoretical problems are intertwined: the relationship between the signifier and the signified of a linguistic sign (more precisely, their asymmetry), the syncretism of the nature and essence of the object of study (more precisely, its inconsistency) and some others.

**Key words:** enantiosemy, vocabulary, antonymy, homonymy, polysemy.

Қазақ тілінің лексикалық жүйесінде синоним, омоним, антонимнің мәртебесі нақты айқындалған. Ал энантиосемияға ерекше құбылыс ретінде әлі күнге дейін біржақты анықтама берілмеген. Бірқатар ғалымдардың (О.И.Смирнова, Л.Е.Бессонова, Ф.С.Бацевич, Т.А.Космеда, Н.К.Салихова) жұмыстарында бұл категорияны полисемия құбылысы түрінде қарастырса, келесі көзқарастағы ғалымдар (В.В.Виноградов, Е.В.Терентьева, Н.М.Шанский) лексикалық омоним ретінде, басқа ғалымдар тобы (Р.А.Будагов, А.К.Ганкин, К.И.Гельблу, Л.А.Новиков, Т.Г.Пономаренко) энантиосемияны антонимнің бір түрі десе, ғалым В.Н.Прохоров «полисемия мен омонимияның будандасқан» түрі деген көзқарасты білдіреді.

Энантиосемия полисемиямен тығыз байланысты. Кейбір ғалымдар энантиосемияны полисемияның ерекше түрі ретінде қарастырады. Ф.С. Бацевич «сөйлеу кезіндегі қарама-қарсы мағынадағы сөздердің қызметін бақылау барысында энантиосемияның полисемия құбылысына жататындығын байқаймыз, яғни бұл жеке дара сөздің семантикалық түрленуі» [1, 86 б.] дейді. Осы көзқарасты ұстанушылар энантиосемия – бір сөздің бір-бірімен байланысқан бірнеше мағынасының болуы, әдетте бұлар сөздің бастапқы мағынасын дамыту, түрлендіру нәтижесінде пайда болады деген тұжырымды ұсынады. Мұнда авторлар энантиосемия мен көп мағыналы сөздердің арасында байланысқа назар аударған жөн дейді. Алайда, энантиосемалардағы байланыс кездейсоқ емес екенін атап өткен жөн, ол антонимиямен энантиосемияны жақындастыратын қарама-қайшылыққа негізделген. Полисемия шеңберіндегі энантиосемияны қарастыру сонымен қатар сөзде пайда болатын

жаңа полярлық мағына, көп мағыналы сөздер сияқты, әдетте бастапқы семантикалықмағынасының дамуы нәтижесінде пайда болатындығымен негізделген. Мәселен, соңғы жылдары белсенді қолданыста жүрген «жынды» сөзін (жынды адам) дұрыс қолданбау нәтижесінде «жынды көйлек» (әдемі көйлек) деген қарсы деген мағынасы пайда болды. Алайда, жаңа мағына барған сайын кең таралуда, оның дәлелі-бұл мағынаның ауызекі сөйлеу тілінде белсенді қолданысқа түсуі.

Энантисемияны полисемиямен сәйкестендіру де негізсіз емес, өйткені оппозиция әрқашан кем дегенде екі сөзден тұратын омонимия мен антонимиядан айырмашылығы, екі категория да бір тілдік бірлік аясында болады. Осыған байланысты энантисемия, полисемия сияқты, тек контексте анықталады. Дұрыс таңдалмаған немесе толық емес контекст екіұштылық пен түсінбеушілікке әкелуі мүмкін. Мәселен, иіс: иісі мұрынды жарды – оң мағынада да, теріс мағынада да қолданылады мұны айтылу барысында интонация мен сөйлеушінің эмоциясы арқылы ажырата аламыз.

Энантисемия антонимияның бір түрі ретінде қарастырылады деген пікірлер де бар: «Сөздің қарама-қарсы, антонимдік мағынаға ие болу мүмкіндігін мағыналардың поляризациясы немесе энантисемия деп атайды» [2, 182 б.].

Антонимия мен энантисемияның ортақ басты ұқсастығы бар, ол екі құбылыс та тілдегі қарама-қарсы мағынаны білдіреді. О.М.Соколовтың пікірінше, лексикалық қарсы мүшелердің әртүрлі түрлерін (синонимдер, омонимдер және т. б.) бөлудің табиғи негізі өрнек жоспары мен мазмұн жоспарын салыстыру болып табылады. Антонимдер қарсы мүшелердің ұқсастық дәрежесіне қарамастан ерекшеленеді; мұнда семантикалық поляризацияның бір белгісі жеткілікті. Осы форманың нәтижесінде антонимдер толық немесе ішінара сәйкес келуі немесе мүлдем сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл кейбір лингвистердің энантисемия құбылысын антонимияға жатқызуға мүмкіндік береді. Бірақ біздің көзқарасымыз бойынша мұндай ұқсастықтарды орынсыз деп санаймыз, өйткені антонимдерде қарама-қарсы мағына екі сөзбен ғана шектеледі, ал энантисемияда қарсы мағыналар бір лексикалық бірліктің семантикалық құрылымында болады. Сонымен қатар, антонимияның энантисемиядан айырмашылығы, оппозиция, әдетте, ядролық семалар арқылы жүзеге асырылады, ал сөздердің антонимдік жұптары лексика-семантикалық шкаланың нөлдік белгісінен тең қашықтықта орналасқан. Энантисемиялар әрқашан симметриялы бола бермейді және оларға ядролық және шеткі семалар қарсы тұрады.

Антонимия мен энантисемияның тағы бір маңызды айырмашылығы - антонимдердің контекстен тыс жеке дара қарама-қарсы мағынаға ие бола алуы. Мәтінде олардың көпшілігі бірдей лексикалық үйлесімділікке ие және стилистикалық жағынан біртекті.

Кейбір лингвистердің пікірінше, энантисемияның омонимиямен ортақ белгілері көп, яғни энантисемия қарама-қарсы мағынадағы жеке сөз ретінде қарастырылады дегенді айтады. Бірақ энантисемиялық лексемалардың жалпы семантикалық компоненттері болғандықтан омонимияға жатқыза алмаймыз, себебі омонимдер дыбысталуы бірдей сөздерден тұрғанымен, олардың мағыналары әртүрлі.

Энантисемияны полисемия мен омонимия арасындағы өтпелі көрініс ретінде қарастыру кереғар құбылыс болып табылады, өйткені полисемия «бір сөзде әдетте осы сөздің бастапқы мағынасының түрленуі мен дамуы нәтижесінде туындайтын өзара байланысты бірнеше мағыналардың болуын» білдірсе [3, 335 б.], ал омонимия – «екі немесе одан да көп түрлі тіл бірліктерінің дыбыстық сәйкестігі» [4, 287 б.]. Сонымен, бұл анықтамалар арқылы лексикалық категориялардың абсолютті үйлесімсіздігін білдіретіндігін байқаймыз, өйткені полисемия бір лексикалық бірлікті білдіреді, ал омонимияны таңдау қазіргі тілде мағынасы жағынан іс жүзінде байланыспаған екі немесе одан да көп сөздердің болуын талап етеді. Полисемиялық бірлік бір-бірімен байланысты бірнеше мағыналардың болуын білдіреді. Омнимдік бірліктердің арақатынастарында әрқашан ортақ мағыналық белгілері жоқ семантикасы бар екі немесе одан да көп әртүрлі сөздер болады. Өзіміз білетіндей, лексемада көп мағыналықты қалыптастыру кезінде әдетте бірнеше мағына, сөздің бастапқы семантикасының дамуы нәтижесінде пайда болады. Бұл процесс табиғи

құбылыс және белгілі бір жүйелілікпен сипатталады. Жоғарыда айтылғандай, омонимдер әдетте бір-бірімен байланысты емес. Олар басқа тілдерден алынған сөздердің негізінде және сөзжасам процестерінің нәтижесінде пайда болады. Омонимдер полисемияның ыдырауына байланысты жасалуы мүмкін, бірақ мұндай лексемалар, әдетте, перифериялық болып табылады және омонимия мен полисемияның арасында аралық орынды алады.

Осылайша, екі лексикалық категория, полисемия және омонимия бір-біріне келесі белгілермен қарама-қайшы келеді: лексикалық бірліктердің саны бойынша, осы қатынастардың ішінде мағыналар арасындағы байланыстардың болуы. Осы факторларды ескере отырып, энантиосемияны полисемия мен омонимия арасындағы өтпелі құбылыс деп айта алмаймыз.

Жоғарыда келтірілген материалдың негізінде, энантиосемияның омонимия, антонимия және полисемиямен кейбір жалпы ұқсас белгілері болғанымен, олардан айтарлықтай ерекшеленетінін байқаймыз. Осыған байланысты энантиосемияны лексикалық семантиканың тәуелсіз категориясы ретінде бөлген жөн деп санаймыз.

Лексикалық жұптардың әр түрлі түрлерін бөліп көрсетудің табиғи негізі – бірліктерді формасы мен мағынасы бойынша салыстыру, яғни айтылуы мен мазмұнын салыстыру. Егер синонимия, омонимия, антонимия қатынастарын сөздің бинарлы құрылымы тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда энантиосемия бұл қатынастарға заңды түрде сәйкес келеді: синонимдік бірліктер – формасы жағынан әртүрлі, мағынасы жақын; антонимдік бірліктер – дыбысталуы жағынан әртүрлі, мағынасына қарама-қарсы; омонимдік бірліктер – дыбысталуы бірдей, мағынасы әртүрлі; энантиосемалар – дыбысталуы жағынан бірдей, мағынасы жағынан қарама-қарсы. Ескі формаларды сақтауға бейімділік нәтижесінде энантиосемия бұрыннан таныс, дәстүрлі түрде қолданылатын форманы сақтау үшін жалпы тенденция нәтижесінде синонимияға қарсы тұрады.

О.С.Ахманова «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» энантиосемияға мынадай анықтама береді: 1. Мағыналар поляризациясы. Сөздің (морфемалардың т.б.) антонимдік мағынаны білдіру қабілеті. 2. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді қолданудан тұратын троп (арнайы интонациялық контурмен бірге) [4, 526 б.].

Бұл анықтама энантиосемияны сипаттайтын негізгі белгілерді көрсетеді: 1) энантиосемия бір тілдік бірлік шеңберінде өмір сүреді, бұл оны омонимия мен антонимиядан ажыратады, мұнда қарсылық екі сөзден тұрады; 2) энантиосемияның полисемиямен байланысын көрсететін бір бірлік құрамында бірнеше мәндер берілген; 3) бірлік ішіндегі мәндер қарама-қарсы қатынастармен байланысты; 4) энантиосемия лексикалық семантиканың басқа категорияларымен қатар тілдің көркемдік мәнерлілік құралы болып табылады.

Мұның бәрі энантиосемия дербес лексика-семантикалық категория екенін көрсетеді, өйткені қарастырылған категорияларда энантиосемияны сипаттайтын белгілердің толық жиынтығы жоқ.

Осылайша, энантиосемия өте қызықты және күрделі құбылыс болып табылады, оны зерттеу барысында әртүрлі теориялық проблемалар анықталды: форма мен мазмұнның арақатынасы, тілдегі қарама-қайшылық категориясы және т. б. Энантиосемияны зерттеу қазіргі тіл біліміндегі көптеген маңызды мәселелерді шешуде өз жемісін беретіні анық [5].

Энантиосемияны біз бір тілдік бірлік төңірегінде қарастырсақ, бұл құбылысты екі немесе бірнеше бірліктер бір-бірімен байланысқан омонимия мен антонимиядан ажыратуға мүмкіндік береді. Тілдік бірлік бірнеше мағынаға ие, бұл энантиосемияның полисемиямен байланысын көрсетеді. Бір тілдік бірлік ішіндегі мағыналар қарама-қарсы мағынада байланысады.

Осының барлығы энантиосемияны басқа лексика-семантикалық категорияларға жақын құбылыс деуге негіз береді, өйткені оны талдау омонимияның, антонимияның, полисемияның және т.б. белгілерін анық көрсетеді. Сондықтан да энантиосемияны лексикалық семантиканың дербес категориясы ретінде қарастырған жөн.

#### Әдебиеттер:

1. Бацевич Ф.С. О глаголах с противоположным значением // Рус. язык в школе. – 1987. – № 4. – С. 86–90.
2. Новиков Л.А. Антонимия в русском языке. – М: Изд-во Моск. ун-та, 1973. – 290 б.
3. Соколов О.М. Энантиосемия в кругу смежных явлений // Филол. науки. – 1980. – № 6. – С. 36–42.
4. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: КомКнига, 2005. – 576 б.
5. Мусин Ж. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 10 томдық. – Алматы: «Ғылым», 1978. – Т. 1. – 671 б.

**Жүзбаева А.**

гуманитарлық ғылымдарының магистрі,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушысы

### Түркі тілдеріндегі космонимдер

**Аңдатпа.** Түркі халықтарының айға, күнге, аспанға, жұлдызға, отқа немесе суға табынуы ертеден бар наным-сенімдердің бірі. Қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынаста өмір сүрген түркілер жаратушыны «тәңірі» деп атап, табиғатты оның тамаша туындысы деп білген. Табиғатты аялау арқылы Тәңірінің жаратқан әрбір құбылысына құрметпен қарап, оларды пір тұтқан. Аспанда болатын құбылыстарға бақылау жүргізіп отырған. Аспан денелерінің формасына, Айдың тууына, Күннің қызарып батуына, Құс жолына қарап аң аулау, егін егу, мал өсіру секілді шаруашылық жайын жоспарлаған. Жұлдыздарға қарап түнгі уақытты ажыратқан, ауа райын болжаған. Мақалада қазіргі түркі тілдерінде кездесетін жұлдыз, шолпан, ай космониялық атауларына салыстырмалы талдау жүргізіледі.

**Кілт сөздер:** түркі тілдері, фонетикалық құбылыстар, дыбыс алмасуы, еліктеуіштер.

«Ежелгі қауым адамдары күннің жарық мезгілінде Күнге қарап дүниенің географиялық төрт бағытын анықтаған, сонымен қатар уақыттың да өткенін біліп отырған. Күннің шығуы мен батуына қарап күндерді санаған. Ал қараңғы мезгілде жолдан адаспау үшін аспандағы жарық жұлдыздардың ішіндегі орнынан тапжылмай жарқырап тұратын Темірқазыққа қарап терістік бағытты анықтап отырған» [1, 316-325]. Ш. Уәлихановтың айтуынша, қазақтар жұлдыз адам тағдырына әсер етеді деп сенген. Қазақтарда адам өлген соң аспандағы жұлдызы да ағып түседі деген ұғым бар. Адам жанын жұлдызбен байланыстырушы космогониялық мифтің түркі халықтарында болғанын және оның тым көне наным-сенім екендігін ғалым Құспан Аронов айтқан болатын. Олай деуіне себеп – чуваштарда да адам дүниеге келген бойда көкте өз жұлдызы пайда болады, ал өмірі үзілісімен жұлдызы да ағып түседі деген наным [2, 115].

Түркі халықтарының дүниесін бейнелейтін космонимдердің тілдік табиғатын тану үшін зерттеу жұмысын жүргізу қазіргі таңдағы тіл ғылымының жаңа бағыттарымен байланысты. Өйткені ұлттық мәдениет, болмыс, наным-сенім сияқты ұғымдарды толықтыру үшін тілдің табиғатын, оның өзіндік ішкі заңдылықтары негізінде ғана зерттеу жеткіліксіз. Ол үшін халықтың тарихын, мәдениетін, таныммен бірге қарау мәселесі тіл ғылымында антропоэлектік бағыттың нысанына айналып отыр. Біз мақаламызда қазіргі түркі тілдеріндегі астрономиялық атаулардың даму, өзгеру заңдылықтарын сөз етеміз.

**Жұлдыз** – түнде жарқырап, көкте нүктедей болып көрінетін аспан денесі [3, 315]. М.Қашқари сөздігінде *julduz* – барша жұлдыз атаулыға қойылған жалпы есім [4, 57]. Сөздікте Мизан жұлдызы, Сүмбіле, Үркер, Жеті қарақшы, Жетіген, Темірқазық жұлдыздары туралы ақпарат берілген.

Қазақ халқында жұлдыз атауы бірнеше сөздермен тіркесіп, жаңа мағына мен жаңа сөздер құрауда белсенділік танытады. Мысалы, жұлдыздай ақты (қатты жүгірді, оқша атылды), жұлдыздай жарқырады (көзге түсті, еленді) жұлдызы жанды (бақыты артты, мәртебесі жоғарылады), жұлдызы оңынан туды (сәті түсті, жолы болды), жұлдызы жоғары (мерейі үстем), жұлдызы қарсы (бір-біріне өш, қас), т.б. Жұлдыздың түнде жарқырап көкте көрінетін аспан денесі екенін ескерсек, оған екінің бірінің қолы жете бермейтіні анық.

**Мейірманова Г., Дүзелбаева А., Лесбекова Д.**

Анафоралық тіл бірліктерінің құрмалас сөйлемдердегі қолданыс ерекшеліктері.....

**Көбденова Г.**

Түсіндірме сөздікте астрономиялық ұғымдардың берілуі.....

**Омарбекова Г.**

Current ecological issues of the kazakh language

**Мейірманова Г., Әбілқасымова А., Тоғайбаева А.**

Қазақ тіліндегі қимылдың аналитикалық форманттар арқылы берілуі және мағыналық ерекшеліктері.....

**Абдрахманова Ж., Бекбол Ж.**

Энантисемияның табиғаты мен мәні.....

**Кожабекова Р., Айтқұлова Г.**

Түркі тілдері тарихының өзекті мәселелері.....

**Жүзбаева А.**

Түркі тілдеріндегі космонимдер.....

**Тавасарова А., Алибаева Л.**

Modern methods of teaching english in higher education institu tions.....

**Байбосынова М.**

Об эффективных средствах познавательной активности студентов на практических занятиях по русскому языку.....

**Джулаева Г.**

Концепт және әлемдік тілдік бейнесі.....

**Садақбаева Г.**

Даналар үндестігі: Әл-Фараби және Ахмет Байтұрсынұлының тіл ғылымы сабақтастығы.....

**Тілеубаева Л.**

Тау тұлғаға тағзым (А. Байтұрсынұлының ономастикалық шеңбері).....

### Панель №3.

#### А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Смағұлова Г., Шүкенай Г.**

А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі лингвоэкологиялық мәселелер.....

**Имаханбет Р.**

Ахмет Байтұрсынұлы әдеби мұрасының зерттелуі.....

**Бақбергенова Р.**

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі ұлттық құндылық мәселесі.....

**Мұханбетияр А.**

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі дыбыс жүйесі терминдері мен әуезділік мәселелері.....

**Жаппасбаева Д.**

А. Байтұрсынұлы еңбектерінің зерттелуі.....

**Жаханова М.**

А.Байтұрсынұлы еңбектері.....

### Панель №4.